

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2025-2026 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№5 ХАТТАМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы

19 желтоқсан 2025 жыл

Өткізілген орны: Сенат залы

Өткізілген уақыты: 2025 жыл 19 желтоқсан, сағат– 14:30

Қатысқандар – ОӘК мүшелері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Ашық сабаққа, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату (*Баяндамашы: Факультет оқу-әдістемелік комитет төрағалары*);

2. 2025-2026 оқу жылына бакалавриат, интернатура, магистратура, резидентура бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссия төрағаларын бекітуге ұсыну (*Баяндамашы: Факультет декандары, Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлімінің басшысы – Л.Ибрагимова*);

3. 2025-2026 оқу жылында ЖББП Реестріне тіркелген кадр даярлаудың педагогикалық бағыттарындағы бағдарламаларының іске асырылуына талдау жасау (*Баяндамашы: Факультет декандары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы - Е.Ш.Шахабаев*);

4. Өртүрлі мәселелер

4.1. Университеттің біліктілікті арттыру курстарының оқу бағдарламаларын бекіту (*Баяндамашы: Бағдарлама жетекшілері*);

4.2. Университет ОПҚ дайындаған оқулық, оқу-құралдарын, оқу-әдістемелік құралдары мен нұсқаулықтарын талқылап бекіту (*Баяндамашылар: Факультет төрағалары*).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1.1 Ашық сабақтар және әдістемелік семинарлар, өзара сабаққа қатысу мониторинг нәтижелері назарға алынып, факультет деңгейінде сабақ кестесі бойынша сабаққа қатысу жұмыстарына мониторинг жүргізілсін;

1.2 Педагогикалық озық тәжірибе таратуда және білім беру процестерін қарқындатуды қамтамасыз ету жауапкершілігі кафедра меңгерушілері мен факультет декандарына жүктелсін (*жауапты: Факультет декандары, Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлім басшысы- Е.Ш.Шахабаев*).

КӨШІРМЕ ДҒЫС
Әдістемелік бөлім

Күн тәртібіндегі екінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2. 2025-2026 оқу жылына бакалавриат, интернатура, магистратура, резидентура бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттау комиссия төрағалары Сенат мәжілісіне бекітуге ұсынылсын (*жауапты: Оқу жұмысын ұйымдастыру бөлім басшысы - Л.Ибрагимова*).

Күн тәртібіндегі үшінші мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3. 2025-2026 оқу жылында ЖББП Реестріне тіркелген кадр даярлаудың педагогикалық бағыттарындағы бағдарламаларының іске асырылуы туралы мәліметтер назарға алынсын.

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.1.1 Күміс университет бойынша курс бағдарламалары тізім бойынша бекітілсін (*Жауапты: Бағдарлама жетекшілері*):

- 1) «Мұрагерлік құқық: құқық қолдану практикасы»;
- 2) «Шапағат нұры - исламдық руханият негіздері»;

4.1.2 «Қазіргі өмір жағдайында психикалық денсаулықты сақтау» атты біліктілікті арттыру оқу бағдарламасы бекітілсін (*Жауапты: Бағдарлама жетекшісі Д.С. Жаркинбаева*).

Күн тәртібіндегі әртүрлі мәселеге байланысты Оқу-әдістемелік комитет ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

4.2.1 Төмендегі көрсетілген оқу құралдарын сараптау барысында анықталған академиялық бұзушылыққа байланысты толтырылған Акт авторлардың жауапкершілігін анықтау мақсатында этикалық-тәртіптік комиссиясына қарауға ұсынылсын (Қосымша 1):

4.2.1.1 Жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Физика» кафедрасының оқытушысы Е.С. Ергөбек пен техн.ғ.к., доцент А.Н. Темирбековтың «Жалпы физика курсы (сын тұрғысынан ойлау арқылы оқыту)» оқу құралы;

4.2.1.2 Жоғары медициналық білімінен кейінгі білім беру факультеті, «Акушерлік-гинекология» кафедрасының оқытушысы Г.А. Мұздыбаеваның «Қосалқы репродукциялық технологиялар» оқу құралын сараптау барысында анықталған академиялық бұзушылыққа байланысты толтырылған Акт авторлардың жауапкершілігін анықтау мақсатында этикалық-тәртіптік комиссиясына қарауға ұсынылсын.

4.2.2 Төмендегі көрсетілген оқу және оқу-әдістемелік құралдары кезекті Сенат мәжілісіне ұсынылсын:

4.2.2.1 Филология факультеті, «Қазақ филологиясы» кафедрасының ф.ғ.к., Г.Қ. Жылқыбай дайындаған «Морфология: сөз таптары» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);

4.2.2.2 Филология факультеті, «Қазақ филологиясы» кафедрасының ф.ғ.к., Г.Қ. Жылқыбай дайындаған «Морфология: жалғаулар» атты оқу құралы (автордың өз қаражаты есебінен);


4.2.2.3 Жаратылыстану ғылымдары факультеті, «Экология және химия» кафедрасының техн.ғ.к., Д.К. Сунақбаева және Д.Х. Юлдашбек дайындаған «Адамзаттың экологиялық әлеуеті» атты оқу құралын баспаға шығаруға және ҚРҒЖБМ-нің грифін алуға М.Ауэзов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанындағы Химиялық инженерия және процестер: «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» Оқу-әдістемелік бірлестігіне ұсынылсын (автордың өз қаражаты есебінен).

4.2.3 Төмендегі көрсетілген оқу-әдістемелік құралдары баспаға ұсынылсын:

4.2.3.1 Филология факультеті, «Орыс тілі және әдебиеті» кафедрасының п.ғ.к., қауымдастырылған профессоры СД.Чаканованың «Графические органайзеры на уроках русского языка и литературы» оқу-әдістемелік құралы баспаға ұсынылсын (автордың өз қаражаты есебінен);

4.2.3.2 Филология факультеті, «Қазақ филологиясы» кафедрасының ф.ғ.к., доценті Г.Қ.Жылқыбайдың «Қазіргі қазақ тілі морфологиясы» оқу-әдістемелік құралы баспаға ұсынылсын (автордың өз қаражаты есебінен).

**Оқу-әдістемелік комитет
хатшысы**



И.Б. Усембаева